

2018 жылғы 17 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімнің күшіне енуі туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2018 жылғы 6 желтоқсандағы № 22 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 7-бабының 2-тармағының екінші абзацына және 2018 жылғы 17 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімнің (бұдан әрі – Уақытша келісім) 9.2-бабына сәйкес және Уақытша келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді барлық Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің орындағаны туралы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы Төрағасының ақпаратын назарға ала отырып, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешті:

1. Уақытша келісім күшіне енген күнінен бастап Еуразиялық экономикалық одақ үшін міндетті деп танылсын.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия:

Уақытша келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аяқтағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей Иран Ислам Республикасының атына Уақытша келісімнің 9.2-бабында көзделген хабарламаны жіберсін;

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтерін Уақытша келісімнің күшіне ену күні туралы хабардар етсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республика сынан	Ресей Федерациясы нан
----------------------------	-----------------------------	------------------------------	----------------------------	--------------------------